KOZYBAYEV UNIVERSITY

Білім - арзымайтын байлық

Знание - капитал, не подверженный инфляции

ПАРАСАТ

№6(31) 01.09.2024

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

Біздің университетке қош келдіңіз!

АЛДА АЛАР АСУЛАР МОЛ

Құрметті университетіміздің үлкен ұжымы, Сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті өзінің 87 жыл тарихында білім мен ғылым жолында талай биік белестерді бағындырып келеді. Өңірдің жалғыз жоғарғы оқу орны әр түрлі бағытта мамандар дайындап, даму мен өркендеу жолында өзіндік сүбелі үлес қосуда.

Университет бакалавриаттың 85 білім беру бағдарламасы, магистратураның 71 бағдарламасы және PhD докторантураның 7 бағдарламасы бойынша жоғары білікті мамандар даярлауды жүзеге асыруда. Жоғарғы оқу орны білім сапасын жылдан-жылға жетілдіріп, заман талабына сай мамандар даярлау ісіне үлкен мән береді. Университетте 12 ғылым докторы, 39 PhD докторы, 108 ғылым кандидаты, 226 магистр жұмыс істейді. Атамекен рейтингі бойынша Қозыбаев университетінің 30 бағдарламасы қазақстандық бағдарламалар арасында 1-10 орындарды иеленіп, білім беру сапасының жоғарлығын танытуда. 2023 жылы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 82 пайызды құрады.

Жоғарғы оқу орны білімнің ғана емес, ғылымның да нық дамыған ортасы. Университет қабырғасында елді дамытуға үлкен үлес қосатын ғылым жаңалықтары да ұдайы жүргізіліп отырылады. Өткен оқу жылында құны 351 млн. теңгені құрайтын 23 жоба қолға алынды. Бұл жобалардың басым бөлігі өңірдегі ғылыми үдерісті дамытуға бағытталған. Мәселен, дәнді дақылдар тұқымын кептіру тиімділігін арттыру, экологиялық таза тыңайтқыш алу сияқты жаңашылдықтарды көздеген ғалымдарымыздың еңбегіне жоғары баға беруге тұрарлық. Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы білімі мен білігін жетілдіре түсу үшін әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында ғылыми тағылымдамалық бағдарламаны игеру жолында жеті грант жеңіп алулары да ұжымның даму стратегиясының дұрыстығын айғақтай түседі.

Жоғарғы оқу орындары мен кәсіпорын ғалымдарының ынтымақтастығына қатысты «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңды іске асыру мақсатында жергілікті атқарушы орган ЖОО мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз етіп, ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру мәселелерін қолдауда ұтымды әрекеттер жасап отыр. Сондай-ақ жергілікті билік құзырына өңірдің ғылыми қызметтерін қаржыландыру аспектісі де кіреді. Оның біздің ғалымдарға, бизнес өкілдеріне және жергілікті атқарушы органдарға өңірді барынша дамыту жолында тығыз және тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Өткен оқу жылының соңғы күніндегі статистика бойынша жергілікті университет қабырғасындағы білім алушылардың қатары 5610 адамды құраса, әр мамандық бойынша биыл бірінші курсқа қабылданған студенттер саны 1600-ден астам адам. Биылғы оқу жылында біздің университетке өтініш білдірген грант иегерлерінің саны артып, мемлекеттік грантты ұтқан 1390 білім алушы қабылданды. Оның ішіндегі 86-сы төтенше жағдайлар квотасы бойынша иеленгендер. Аризона университетімен бірлескен білім беру және қос дипломды бағдарламаларға бөлінген гранттың 507-сы игерілді. Атаулы гранттар да өз иелерін тапты, оның ішінде «Қазақстан халқына» – 10 грант, «Freedom Grants» – 15 грант, жергілікті атқарушы орган 58 грант бөліп, жастардың тегін білім алуына мүмкіндік жасап отыр.

Қозыбаев университетінде білім алуға қызығушылық танытқан шетелдік азаматтардың саны артуда. Бүгінде 14 елден, дәлірек айтсақ, Әзірбайжан, Армения, Германия, Грузия, Үндістан, Иран, Қытай, Қырғыстан, Моңғолия, Польша, Ресей, Түрікменстан, Түркия және Өзбекстан мемлекеттерінің 137 азаматы солтүстікқазақстандық университет шаңырағында білім мен кәсіп нәріне сусындауда.

(Соңы 2-бетте)

АЛДА АЛАР АСУЛАР МОЛ

(Басы 1-бетте)

Біздің университеттің тағы бір артықшылығы – білім алушылардың халықаралық және қос дипломға ие бола алатындығы. Қозыбаев Университеті мен Аризона Университеті (The University of Arizona) арасындағы екі дипломдық және бірлескен халықаралық білім беру бағдарламалары бойынша ынтымақтастық 2022 жылы басталған болатын. Бұл бағдарламаларды іске асыру арқылы университеттің танымалдығы мен беделі арта түсуде.

Биыл университет табалдырығын аттаған 507 студентті қоспағанда жоғарғы курстарда білім алып жатқан 544 студент бар. Ондағы 171 студент қос дипломдық бағдарлама бойынша, 373 бірлескен халықаралық білім беру бағдарласы негізінде мамандыққа баулынуда. Студенттер Аризона штатының Тусон қаласында орналасқан Аризона университетіне бір семестрге оқуға жіберіледі. Сапардың барлық шығындарын оқу, тұру, ұшу, виза, тамақтануды университет өзі көтереді. Осы бағытта 2025 жылы Америкаға IT және Биотехнология бағдарламалары бойынша – 40 студент, 2026 жылы IT, биотехнология және инклюзивті білім беру бағдарламалары бойынша 131 студент оқуға жіберілмек. Америкаға сапар мен білім алу кезінде студенттердің қауіпсіздігін оларға ілесіп жүретін ЖОО қызметкерлері қамтамасыз ететін болады.

Университет әкімшілігі білім алушыларды тұрғылықты жатын орынмен қаматамсыз ету мәселесіне үлкен мән береді. Университетте сыйымдылығы 1365 орындық 4 студенттік жатақхана бар. Сондай-ақ, Петропавл қаласының әкімдігінен 306 орындық жатақхананы қабылдау рәсімі жүзеге асырылуда. Университет жиһаз, тұрмыстық техника, төсек-орын және ас үй жабдықтарын жаңалауда. Сырттан шақырылған ғалымдар мен профессорлар үшін келген 24 пәтер дайындалып отыр. Сондай-ақ, 1200 орындық жатақхананың құрылысы аяқталуда. Бұл жалпы ауданы 27 мың шаршы метрден асатын 11 қабатты үлкен заманауи ғимарат. Студенттерді жатақханаға орналастыру мәселелері бойынша ақпараттандыру мақсатында университет базасында тәулік бойғы ахуалдық орталық құрылып, жұмыс істеп тұр.

Жаңа 2024-25 оқу жылы да басталып кетті. Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндіктерге, тың идеялар мен мақсатты жоспарларға, ғылым мен білім берудегі табысты да тиімді әрекеттерге бастайтын жол. Әрбір оқу жылы біздің университет тарихындағы жаңа тараулар, жаңа белестер.

Өткен оқу жылы маңызды оқиғаларға толы болды және алдағы оқу жылдары да ұстанымымыз нығайып, қарқынды даму үдерісіміз өз жалғасын табады деген сенімдемін. Ғылыми жарияланымдар мен жаңа жобалардан бастап, жаңа кәсіби биіктерді бағындыруға дайынбыз деп ойлаймын.

Жаңа оқу жылы жаңа көкжиектер ашып, еліміздің, өңіріміздің дамуына өзіндік үлесін еселей түсері сөзсіз. Баршаға жаңа оқу жылы жаңа жаңалықтар мен табыстарға толы болсын!

Ербол Исақаев,
Қозыбаев университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректор.



ГРАНТЫ-2024: НОВЫЙ РЕКОРД

Конкурс на гранты в этом году прошел довольно оперативно, и уже 3 августа были объявлены результаты. Вузы активно принимают абитуриентов, среди которых как обладатели грантов на бесплатное обучение, так и студенты, обучающиеся на платной основе. В Северо-Казахстанском университете в этом году количество грантополучателей увеличилось на несколько сотен: СКУ выделили 1150 грантов против 880 в 2023 году. Из них 500 человек получили гранты на двудипломные и совместные образовательные программы, в том числе с Университетом Аризоны (США).

Айдана Омарова из Астаны – одна из тех, кто выбрал двудипломную программу. Она получила грант на обучение по специальности "Биотехнологии".

- Я выбрала эту программу, потому что считаю ее более перспективной для моей будущей карьеры. Она также предоставляет больше возможностей для обмена студентами и облегчит трудоустройство с дипломом, который я получу. О программе двойного диплома я узнала еще в девятом классе, и с тех пор решила, что хочу поступить на это направление, – поделилась Айдана.

Кристина Слапинскайте также получила грант, поступив на специальность "Журналистика". Поскольку государственные гранты на эту специальность ограничены, у нее были некоторые сомнения.

- Когда я пришла в приемную комиссию, меня посетила мысль: "А вдруг не получится?". Но я давно определилась с выбором, поэтому это волнение не повлияло на мое решение. Важно было поступить, независимо от того, будет ли это на платной основе или на гранте, потому что я знала, что хочу стать журналистом. Я верила, что мой красный аттестат сыграет свою роль, и, кажется, так и произошло. Когда увидела свою фамилию в списке обладателей гранта, я очень обрадовалась, понимая, что все мои усилия были не напрасны, – рассказала Кристина.

Однако не все получили желаемые гранты. **Илья Король**, который тоже поступает на журналистику, оказался среди тех, кто не прошел. Его семья пострадала от весеннего половодья, и он очень рассчитывал на бесплатное обучение. Но итоги конкурса все равно не повлияли на решение парня поступить к нам.

- Хотя мой дом не выглядел сильно поврежденным на первый взгляд, стены позже начали гнить, и ущерб оказался значительным. Я очень надеялся на грант, учитывая мои высокие баллы. К сожалению, не прошел, но я стараюсь сохранять спокойствие и объективно оценивать ситуацию. Планирую параллельно начать работать, чтобы помочь семье оплачивать мое обучение, – поделился Илья.

Отметим, что 136 человек поступили в СКУ на грант по квоте для регионов, пострадавших от половодья этой весной. Дополнительно разыгрывались гранты от фонда "Қазақстан халқына", областного акимата и частных компаний.

Прием документов на зачисление шел до 25 августа. В Северо-Казахстанском университете в это время активно готовились к новому учебному году.

- Завершается строительство общежития на 1200 мест, которое будет передано университету акиматом. Уже введено в эксплуатацию общежитие на 306 мест. В сумме количество мест в общежитиях составляет 1800, и с открытием новых мест, оно увеличится до 3000. Это позволит полностью обеспечить местами иногородних студентов, – отметил ректор СКУ им. М. Козыбаева **Ербол Исакаев**.

Павел Притолюк,
преподаватель кафедры
"Журналистика"

ЕҢБЕГІ ЕЛЕУЛІ ҒАЛЫМ

Химия ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттандыру Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Владилен Поляков сексеннің сеңгіріне шықты. Мерей той иесіне Қозыбаев университетіндегі әріптестері мен замандастары игі тілектерін білдірді. Жиында Басқарма мүшесі Рашит Белгібаев Владилен Васильевичке Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің құттықтауын жеткізді.

Владилен Поляковтың Қозыбаев университетінің ғылыми әлеуетіне үлес қосып жүргеніне қырық жылдан асты. Владилен Васильевич 1944 жылдың 16 тамызында Алматы қаласында дүниеге келген. 1967 жылы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «химия» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын білім алған университетінде ғылыми қызметкер лауазымынан бастап, 1980 жылы К.Д.Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институтына шақырылған. 2000 жылы Қарағанды органикалық химия және көмір химиясы институтында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Владилен Поляков өнірімізге ғана емес, республикаға, кейбір ғылыми еңбектерімен шетелдерге де танымал ғалым. Өзінің жарты ғасырдан асқан еңбек жолында талай жаңалықтар мен жаңашылдықтардың бел ортасында жүріп келеді. Ол – үш жүзге тарта ғылыми-ақпараттық публикациялардың, 13 авторлық куәліктің, 11 патенттің, 2 монографияның, 5 оқу құралының авторы.

Владилен Поляковтың білім беру мен ғылым саласындағы жүріп өткен жолын тереңінен қазбаламайақ бертінгі жаңалықтарына тоқталсақ, оның өз бағыты мен ұстанымы бар ғалым екендігін айқын көреміз.

Владилен Васильевич бальзам терегіне негізделген биологиялық белсенді препараттарды жасау бойынша ғылыми мектептің негізін қалаушы ретінде құрметке ие. Ол емдік препараттар жасауға қырық жылдан аса өмірін арнап келеді. Осыдан үш-төрт жыл бұрын әріптесі Дмитрий Мокшин екеуі онкологиялық науқастар қанының негізгі көрсеткіштерін қалыпқа келтіруге көмектесетін бальзамикалық терек сығындысы бар печенье әзірлеген. Бұл печеньенің жетпіс келі эксперименталды партиясын кондитерлік компания шығарып, оны ғалымдар облыстық онкологиялық диспансермен бірлесіп тәжірибелік сынақтан өткізді. Сәулелік терапиядан өтетін пациенттер бальзамикалық пайдалы заттармен байытылған печеньені қабылдайды. Нәтижесінде олардың қан көрсеткіштері пациенттердің басқа бақылау тобымен салыстырғанда қалыпқа келеді. Гемоглобин мен эритроциттер 7,5 пайызға, лейкоциттер 20 пайызға ұлғайды. Осылайша зерттеушілер терек сығындысының әлеуеті өте зор екендігін дәлелдеп берген. Ол бактерияға, қабынуға қарсы, гепатопротекторлық және жарақатты жазатын қасиеттерге ие. Оны медицинада ғана емес, ауыл шаруашылығында да қолданса пайдасы зор.

Жалпы профессор Владилен Поляков теректің ғажайып қасиеттерін зерттеуге саналы өмірінің қырық жылын арнап келеді. Зерттеулер нәтижесінде «Тополин» фитопрепаратын ойлап тапты. Ол – өсімдіктер мен жануарларға экологиялық қауіпсіз өсім беретін және оларды түрлі аурулардан қорғайтын дәрмек. Осы препараттың негізінде басқа да дәрі-дәрмектер жасалды.

Бальзамикалық теректен алынған қалың субстанция негізінде әр түрлі мақсаттағы препараттарды дайындауға болады. Оның құрамында 250-ден астам түрлі компоненттер бар. Олар – эфир майлары, карбон қышқылдары, қанықпаған және қаныққан май қышқылдары, полифенолдар, феноглюкозидтер, фенолоккышқылдар, витаминдер, микроэлементтер.

«Тополин» өсімдіктердің ауруларын негізгі түрлерімен зақымдануын едәуір азайтуға ықпал ететіні, егістіктердің қолайсыз ауа райы жағдайларына төзімділігін арттыратыны дәлелденді. Оның үстіне «Тополин» мүлдем зиянсыз. Уыттылыққа бірнеше рет зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығының эксперименттік фармакология зертханасы фитопрепараттың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер етпейтіні туралы қорытынды берді және өсімдік шаруашылығында өсімдіктердің өсуін, дамуын және қорғалуын ынталандырушы ретінде қолдану үшін ұсынылды.

(Соңы 5-бетте)

ЕҢБЕГІ ЕЛЕУЛІ ҒАЛЫМ

(Басы 4-бетте)

Препараттың тиімділігі түрлі көкөніс дақылдарында – қызанақ, қияр, қызылша, қырыққабатта зерттелді. Бидайды препарат сынағынан өткізген кезде жақсы нәтижелер көрсетті. Атап айтсақ, егін гектары өсімділігінің 1,5-3 центнерге өсуіне, дәнді дақылдың салмақтық үлесінің 1,5-2,5 пайызға көтерілуіне, тұқым өнгіштігінің 3-5 пайызға артуына, бидай сапасы жақсарып, пісу кезеңін 12 тәулікке қысқартуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, «Тополинді» қолдану кезінде астық сапасы жақсарады, өсімдіктер құрғақшылыққа және төмен температураға төзімді болады, егістердің тығыздығы артады, аурушаңдық азаяды, егістердің ластануы мен су шығыны төмендейді.

Мал шаруашылығында да «Тополинді» қолдану бойынша зерттеулер жүргізілді. Терек негізіндегі жемшөп қоспасы салмақты арттыруға, сауын сиырлар мен төлдегі сүттің санын арттыруға мүмкіндік береді.

Поляковтың «Тополин» мүмкіндіктері ауыл шаруашылығында қолданумен шектелмейді. Профессор студенттері және әріптестерімен бірге медицинада қолдануға арналған түрлі мақсаттағы препараттар мен құралдарды әзірлеуде. Олар емдік сағыздардан бастап, жарақатқа салатын заманауи «бинттерге» дейін ойлап табуда. Онкология және туберкулез сияқты ауыр аурулармен күресуге арналған фитосанитариялар өз алдына әңгіме.

Бальзамикалық теректің эфир майы негізінде бірнеше дәрілік заттар алынды: «эфматол-1», «эфматол-2», «эфматол-3». Бұл майлардың қабынуға және жараланға, микробқа, ауырсынуға қарсы тұратын қасиеттері бар. Оның құрамындағы май қышқылдары зат алмасуды қалыпқа келтіреді, флавоноидтар қан тамырларын нығайтады және өте жақсы радиопротектор болып табылады, яғни организмді радиацияның әсерінен қорғайды.

«Эфматол» стоматологиялық клиникалар, қалалық ауруханалардың бірінің травматологиялық бөлімшесі базасында сынақтан өтті. Препарат қолданылған науқастардың барлық топтарында жақсы нәтижелер байқалды. Стоматологиялық патологияларды, сондай-ақ күйік жараларын және аяқ-қолдың үсуін емдеу кезінде эфматолдың дәстүрлі дәрілерге қарағанда артықшылығы анқарылды.

Бұдан басқа, терек діңгегінен алынатын эфир майы бронх-өкпе ауруларын, оның ішінде ашық түрдегі туберкулезді емдеуге ықпалды. Майды зерттеу барысында облыстық туберкулезге қарсы диспансердің бактерлабораториясын қолданған. Зерттеу-сынақ барысында препарат өкпе туберкулезінің 33 микобактериясын өлтірген. Препараттың аллергиялық реакция тудырмайтыны да қуантады. «Екі ай ішінде бес жыл бойы туберкулезден сауыға алмай жүрген 34 науқасты емдедік. Нәтижесінде олар микобактериялар бөлуді тоқтатып, дене қызуы қалыпқа келіп, барлық анализдер қалыпты жағдайға түсті», – деп еске алды Владилен Поляков.

Поляковтың тағы бір әзірлемесі – фитопленка. Ол – жаңа буынның таңу материалы. «Бинттердің орнына құрамында терек сығындысы бар пленканы жараға салады. Ол үнемі терек иісін бөліп тұрады, ауру тез сауығып, микробқа қарсы әсер етеді», – деп атап өтті ғалым.

Оны қарулы күштерде әскери қызметшілерге арналған бинттердің орнына енгізуге болатындығын айтады. Сондай-ақ құрамында терек пен ромашка бар тіс пастасы шығарылды. Бұдан басқа, жергілікті «Сұлтан» кондитерлік фабрикасымен терек майы қосылған сағыз дайындауға шарт жасалды. Сатып алушылар сағыздың тіс ауыруына жақсы көмектесетінін және тістердің қан кетуін емдейтінін атап өтті.

Дегенмен, «Тополинді» пайдаланудың нақты мүмкіндіктері әлдеқайда кең, сондықтан профессор Поляковтың әзірлемелері кеңінен қолданылып, ауруларды жеңуге, үздік өнім өсіруге және Қазақстанда мал шаруашылығын дамытуға көмектеседі деп үміттенеміз.

Владилен Васильевич жұмыс істеген жылдары медициналық практикаға СҚО өсімдіктері негізінде сегіз фитопрепарат ойлап тапқан. Сондағы «Поляков сығындысы» аталатын препарат ауыл шаруашылығы үшін пайдалы стимулятор ретінде белгілі. Дәрілік препаратының өсімдіктердің өсуін және аурулардан қорғалуын, сонымен қатар ауыл шаруашылығы жануарларының дамуын ынталандыратын қасиеттерге ие.

Фитопрепараттың жас мал организміне әсері туралы зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде иммундық және эндокриндік жүйелерге күшті емдік әсер етіліп, ас қорыту жолдарының оңтайлы микрофлорасы қалыптасып, жануарлардың репродуктивті қызметі қалпына келтіріледі. Өсімдік шаруашылығы саласында препарат, аурулардың негізгі түрлері бойынша өсімдіктердің зақымдануын едәуір азайтуға ықпал етеді, ауылшаруашылық дақылдарының қолайсыз ауа райы жағдайларына төзімділігін арттырады, ауылшаруашылық өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін жақсартады, өнімділікті 29,8 пайызға дейін арттырады, пісетін кезеңді тездетеді.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Владилен Поляковтың ғалымдық еңбек жолында ашқан жаңалықтары мен зерттеу еңбектері университет, облыс, ел үшін маңызды және мақтан тұтарлық.

Гүлгүл Төлешева,
журналист.

НАУЧНАЯ РАБОТА

ОТ РАДИО К ПОДКАСТАМ?

Формат студенческого радио кажется одновременно и устаревшим, и привлекательным. Да, аудиальную информацию сегодня воспринимают меньше, чем даже десятилетие назад. Однако, такая форма вещания адаптивна и выпускник Северо-Казахстанского университета Денис Сухарев в своей научной работе «Модель студенческого радио» рассмотрел каким именно образом данный формат можно подстроить под нужды и потребности современной аудитории.

Хорошей альтернативой студенческому радио в настоящее время мог бы стать формат подкастов, поскольку он предлагает гибкость и удобство в предоставлении контента, а также доступен для аудитории в любое время.



Денис Сухарев,
выпускник СКУ им. М. Козыбаева

Когда-то студенческое радио было неотъемлемой частью университетской жизни. Это было место, где молодежь искала и находила свой голос, обсуждала актуальные проблемы, делилась музыкой и новостями. Но с развитием цифровых технологий и сменой предпочтений аудитории этот формат постепенно уходит в прошлое, уступая место новому медиа — подкастам.

Почему студенческое радио теряет популярность? Этот вопрос мы рассмотрели в рамках научной статьи "Модель студенческого радио", подготовленной для XXI Международной конференции "Социальная интеграция и развитие этнокультур в евразийском пространстве".

Причин несколько. Во-первых, современная молодежь не привыкла к линейному вещанию, когда нужно подстраиваться под сетку эфира. В эпоху стриминговых сервисов и мгновенного доступа к информации люди хотят слушать то, что им интересно, и тогда, когда им это удобно. Радио же предлагает контент в определенные временные слоты, что для большинства студентов кажется устаревшим и неудобным.

Во-вторых, студенческое радио часто сталкивается с ограниченными ресурсами и техническими возможностями. Подготовка качественного эфира требует времени, оборудования и навыков. При этом, из-за узкой аудитории, радио не всегда может предложить разнообразный контент, который был бы интересен большому числу слушателей.

Кроме того, конкуренция с профессиональными радиостанциями и музыкальными сервисами делает студенческое радио менее привлекательным для аудитории. В то время как крупные станции предлагают высококачественные шоу и подборки музыки, студенческие радиостанции часто уступают в плане профессионализма и качества звука.



Подкасты — новая альтернатива

На фоне снижения популярности радио, подкасты становятся настоящей находкой для студентов. Этот формат дает возможность создавать контент любого типа — от образовательных лекций до развлекательных шоу — и распространять его в удобное для всех время.

Подкасты позволяют студентам говорить на темы, которые их действительно волнуют, без оглядки на временные рамки и сетку вещания. Этот формат удобен тем, что его можно слушать в любое время: по дороге на занятия, в спортзале или во время готовки. К тому же, подкасты можно легко распространять через социальные сети, что значительно увеличивает аудиторию.

Еще одно преимущество подкастов — простота их создания. Для записи достаточно иметь минимальный набор оборудования и базовые навыки монтажа. Студенты могут сами выбирать темы, формат и продолжительность своих выпусков, что дает полную творческую свободу.

Подкасты — голос нового поколения

Молодежь всегда была на острие перемен, и сегодняшняя смена радио на подкасты — это естественный процесс. Подкасты отвечают потребностям современного студента в мобильности, разнообразии и доступности информации.

Уверен, что будущее за подкастами. Они предлагают студентам то, чего не может дать радио: свободу выбора, гибкость и возможность создавать контент, который будет актуален для них и их сверстников. Студенческое радио постепенно становится частью истории, уступая место новому, динамичному формату, который продолжит развиваться вместе с новыми поколениями.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КҮШЕЮДЕ

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Агротехнологиялық факультеті академиялық ұтқырлық саясаты бойынша профессорлық-оқытушылық құрамы мен білім алушыларының біліктілігі мен білімділігін жылдан-жылға жоғары деңгейге көтеріп келеді. Факультет АҚШ, Қытай, Германия, Ресей елдерімен тығыз қарым-қатынас орнатып алған.

Қытай елінің Солтүстік-батыс ауыл және орман шаруашылығы университетімен бірлескен ынтымақтастықтың мақсаты – өңірлік агроөндіріске инновациялық технологияларды енгізу және елдің азықтүлік қауіпсіздігін нығайту болып табылды. Діттеген мақсатты жетілдіре түсу үшін жақында Агроқұзыреттілік орталық құрылды. Оның алдында «Қызылжар сүт» ЖШС базасында мал шаруашылығы бойынша бірлескен оқу-ғылыми Қазақстан-Қытай зертханасы мен демонстрациялық парк ашылған болатын. Оның қызметі Солтүстік Қазақстан облысының мал шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Факультет ғалымдары қытайлық профессорлармен бірлесіп ірі қара малдың генетикалық әлеуетін арттыру, сүт және сүт өнімдерінің сапасын анықтау, жемшөп сапасын бағалау, қанның биохимиялық талдауы және сүт өнімділігін арттыру сияқты бірқатар бағыт бойынша зерттеулерін жүргізуде. Бұл Қытай жоғары оқу орнымен екінші агрожоба. Бірінші жоба, «Агрономия және орман шаруашылығы» кафедрасымен бірлескен Агротехнопарк бес жыл бойына табысты жұмыс істеп келеді. Онда өңір үшін перспективті ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау және тұқым шаруашылығы саласында танаптық зерттеулер жүргізіледі. Келесі жылдан бастап сынақтар факультет серіктесі «Байдала» ЖШС өндірістік жағдайында өткізілмек.

Халықаралық ынтымақтастық агрокадрларды даярлауды күшейтуге зор мүмкіндік тудырып отыр. Білім алушылар ғылыми қызметке тартылып, академиялық алмасу бойынша білім мен біліктерін арттыруға жағдай жасалуда. Магистратура бойынша қос дипломдық бағдарлама қолға алынды. Биыл екі жас ғалым Қытай елінің докторантурасында оқуға жолдама алды. Бірқатар оқытушы серіктес ЖОО-да ғылыми тағылымдамадан өтті. 2023-2024 оқу жылында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Солтүстік-батыс ауыл және орман шаруашылығы университетінің 32 студенті пен магистранты біздің университетте білім алды. Біздің университеттің 15 білім алушысы аспан асты еліне барып, білімдерін жетілдіріп қайтты. Жақында Қытайдағы серіктес университеттен тағы 22 білім алушы біздің елдің топырағына табан тірейді.

Агротехнологиялық факультеттің студенттері Германияның био шаруашылықтарына барып, алты айлық кәсіби тағылымдама аясында түрлі семинарлар мен дала күндеріне қатысулары да дәстүрлі. Мәселен, биыл студенттер Bad Kreuznach-те «Precision Farming» семинарына қатысып, білім көкжиектерін кеңейтіп, дағдыларын шыңдап қайтты.

Германияның биоөнеркәсіптерінде тағылымдамадан өтуге конкурстық іріктеуден өткен студенттерді кәсіби неміс тіліне оқыту ертерек басталады. Мәселен, былтырғы оқу жылында Германиядан келген оқытушы Andreas Ruhsert бір ай бойы білім алушыларға тіл үйретті. Бұл еуропалық қауымдастықпен ынтымақтастық орнағалы оныншы жылға аяқ басты. Факультет осы аралықта 70-тен астам студентін неміс кәсіпорындарында тәжірибеден өткізген. Биыл да бірнеше магистрант серіктес Hohenheim университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп жатыр.

Біздің университетке келіп, тағылымдамадан өтіп жүрген шетелдік білім алушылар да аз емес. Жақында Hohenheim университетінің екі жас зерттеушісі, магистранттар Киношита Норико және Августин Рика келді. Зерттеушілері қазан айының соңына дейін жұмыстарын жүргізбек.Тағылымдама аясында неміс зерттеушілері органикалық ауыл шаруашылығына қатысты жобалармен жұмыс істейтін болады. Бұл біздің университеттің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Шетелдік жас ғалымдар бірқатар агроқұрылымдарға барып, өңірдің агро саласының мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көріп, өз ойларын ортаға салары сөзсіз. Өнімнің сапасын арттыруға және табиғи ресурстарды сақтауға мүмкіндік беретін үлкен перспективаларды байқаған «Hohenheim» университетінің зерттеушілері озық тәжірибелер мен технологияларды енгізуге, сондай-ақ, халықаралық ғылым көкжиегін кеңейтуге көмектеседі.

(Соңы 9-бетте)

Одним из знаменательных событий минувшего лета для абитуриентов, поступающих на ряд специальностей в нашем вузе, стали творческие экзамены. Не было достаточно просто подать документы – ребят ждали 2 этапа испытаний, где следовало проявить себя наилучшим образом.

НЕТ ТИШИНЕ НА ЭКЗАМЕНАХ!

Творческие экзамены проходили абитуриенты, выбравшие специальности «Музыкальное образование», «Культурно-досуговая работа», «Журналистика», «Дизайн», «Физическая культура и спорт», «Начальная военная подготовка».

Первыми столь серьезное испытание преодолели будущие музыканты. Ребятам сначала нужно было продемонстрировать свои инструментальные и вокальные способности, затем - знания по теории музыки.

Репертуар юных дарований разнообразен, собственно, как и инструменты, на которых они играют. Баян, аккордеон, домбра, гитара, фортепиано, флейта – это далеко не весь список. Многие из абитуриентов владеют сразу несколькими музыкальными инструментами, а кто-то отдает предпочтение вокалу.

Стоит отметить, что в рамках данной специальности студенты смогут получить одну из трех траекторий: музыкальный руководитель дошкольных организаций, инструментальное исполнительство и дополнительное музыкальное образование.

Не менее интересно было и у журналистов. В числе абитуриентов как те, кто узнал о нашей кафедре благодаря профориентационной работе, так и просто желающие связать свою дальнейшую жизнь с творчеством и медиа. Будущих акул пера проверяли на умение владеть письменным и устным словом через написание эссе и собеседование. Большинство себя проявили на отлично.

- Я очень переживала, переступая порог корпуса где проходили испытания, - делится впечатлениями теперь уже студентка СКУ **Татьяна Томашевская**. - Было много мыслей о том, как сложно будет набрать хорошие баллы, насколько строгой окажется комиссия. Первое впечатление превзошло все мои ожидания, атмосфера на творческих экзаменах была приятной, думать было легко, особенно интересными были темы на эссе, каждая по-своему. Увлекательно было разбирать их и раскрывать смысл. Собеседование показало, что все поступающие осознанно выбрали свой путь, каждого было приятно слушать. Абсолютно все ребята разные, индивидуальные личности, со множеством хобби и интересов, я думаю мне будет приятно учиться с такими людьми.

- Я остался в приятном впечатлении от творческих экзаменов, - дополняет будущий журналист **Дмитрий Соколов**. - Просто, я привык к школе, где каждый тест, СОР, СОЧ - это суровое испытание. Но когда я пришел на эссе, я понял, что тут такого нет и можно спокойно себя показать. Если бы мне попалась тема на эссе попроще, я бы еще и порисовал на листочке. Как бы подчеркивая то, что я хочу донести и уверен, это бы с удовольствием приняли. Это здорово, когда творчество поддерживается. А на собеседовании я увидел, что все ребята активные и творческие. Я думаю, мне будет интересно учиться в этом направлении.

- Опыт от творческих экзаменов меня неслабо удивил, - рассказывает новоиспеченный студент кафедры «Журналистика» **Чингиз Шитканов**. - Когда я трудился над конкурсной работой то думал, что ее не примут за специфическую подачу, однако здесь приветствуется творческий подход, чему я рад как слон. В качественности письменного экзамена и устного собеседования я был уверен, но точно не ожидал максимального балла.

- Изначально я не надеялась на высокий балл, но была очень рада результатам, что дало мне стимул на второй экзамен, - говорит первокурсница **Эльмира Ергалиева**. - Второй творческий мне понравился больше тем, что я могла проявить все свои способности и рассказать о них, хоть и раньше я думала, что моя активность в школе мне не понадобится в будущем. Я была приятно удивлена увидев таких же активных ребят, с которыми в дальнейшем буду учиться.

Большинство ребят, сдававших у нас творческие, стали студентами Kozybayev University. А это значит, что креативных, мыслящих художественно и нестандартно студентов в нашем вузе стало еще больше.

Татьяна Морозова,
и.о. заведующего кафедрой
"Журналистика"

ЕСЛИ ЗАГОРЕЛСЯ ИДЕЕЙ, ТО УЖЕ НЕ ОТСТУПЛЮСЬ ОТ НЕЕ

Творческий и целеустремленный. Эти качества, без излишней скромности, считает в самом себе главными студент первого курса специальности «Журналистика» Георгий Комаров. Юноша, четко осознавая особенности своего характера, осознано подошел к выбору профессии.

Георгий полюбил творчество еще с детства. Он придумывал истории и записывал их. Хотя эти сочинения, вспоминает наш герой, были не очень грамотными и походили на попытку школьника написать «Войну и мир», они помогли ему набить руку. Позже Георгий приобщился к поэзии и в 2023 году выпустил свой первый сборник «Стихи некоего поэта».

«В этом сборнике я поднял разные важные темы, такие как вред курения, смысл жизни, любовь, а также юмористические произведения про настырного пацифиста, непутевого мудреца и многое другое», - отмечает наш первокурсник.

Пробы пера определили дальнейший выбор. Журналистика – прекрасная возможность реализовать свой творческий потенциал, считает Георгий. Поступление в СКУ

– первый шаг к большой мечте.

«Я надеюсь, что на пути к становлению журналистом получу не только глубокие знания о профессии, но и смогу развить свои навыки в благом деле. Жду, что обучение откроет передо мной новые горизонты и возможности, а также позволит познакомиться с разными людьми, которые могут стать моими наставниками или коллегами в будущем. Я верю, что кафедра станет отправной точкой для успешной карьеры и поможет мне реализовать свои амбиции в мире журналистики», - делится своими ожиданиями молодой человек.

Георгий говорит о себе: если я загораюсь идеей, то уже не отступлюсь от нее. В журналистику он идет со здоровым пониманием духа соперничества и желанием задавать вопросы – и то и другое лучше всего характеризуют перспективного работника СМИ.

Отдыхать первокурсник тоже предпочитает творчески – он увлекается музыкой: играет на гитаре и планирует освоить клавишные. Возможно, говорит Георгий Комаров, в будущем мы услышим его еще в амплуа композитора.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КҮШЕЮДЕ

(Басы 7-бетте)

Факультет түлегі Қайрат Әлішер Саха Республикасындағы қорытынды аттестаттаудан сәтті өтіп, қос дипломды бағдарлама бойынша оқуын аяқтаған алғашқы түлек. Қосарланған дипломды «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша Арктика мемлекеттік агротехнологиялық университетінен (Якутия) алып отыр. Бұған дейін түлектерді бірлесіп даярлау магистратураның «Агрономия» және «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» бағдарламалары бойынша жүргізілген болатын. Биыл еңбекқор, білімге деген құштарлығы мен ұмтылысы жоғары Әлішердің еңбегі жанды. Ол «Экономика» бағыты бойынша бакалавр атанды. Бұл жетістігі кәсіби мансабына құтты қадам екендігі сөзсіз.

Ағымдағы жылы агротехнологиялық факультеттің үш оқытушысы Аризона университетінде

«500 ғалым» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтіп келді.

Жақында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (KU), АҚШ-тың Туксон қаласындағы Аризона университеті (UA) және ҚХР Янглинг қаласындағы Солтүстік-батыс ауыл және орман шаруашылығы университеті (NWAFU) арасында халықаралық су ресурстары ғылыми орталығын құру туралы меморандумға қол қойды.

Серіктес университеттер жауыншашын аз аймақтарда орналасқан және ауыл шаруашылығы мен қалалықтардың су ресурстарын пайдаланудың ұтымды технологияларын әзірлеуі керек. UA, KU және NWAFU қазірдің өзінде STEM білім беру саласында ынтымақтастық жұмыстарын жүргізіп келеді және осы арқылы бірлескен су ресурстары ғылыми орталығын құру идеясымен климаттың өзгеруі мен су тапшылығы туралы ғылыми зерттеулердің басым бағытын анықтады. Ғылыми зерттеулердің бағыттары: су саясаты, экономика және суды басқару менеджменті; ауыл шаруашылығында суаруды пайдалану, гидрология және су инженериясы, құрғақшылыққа төзімді дақылдарды интеллектуалды суару; суды тазарту, қайта өңдеу, микробиология, су қауіпсіздігі, суды ластаушы заттарды талдау, анықтау және жою.

Дариға Қуаныш,
«Журналистика» кафедрасының
4-ші курс студенті.

СОВЕТЫ БЫВАЛОГО СТУДЕНТА

Статью подготовила выпускница СКУ
Лаура Рагимова

ЭТО КУРС ПЕРВЫЙ!

Поздравляю, ты поступил в университет! Позади остались школьные экзамены, вступительные испытания и бесконечные часы подготовки. Теперь начинается новая глава жизни — насыщенная, полная открытий, но порой и непростая. Как не потеряться в этом огромном новом мире? Хочу поделиться с тобой несколькими советами, которые помогут тебе не только адаптироваться, но и наслаждаться университетскими годами.

1. Не бойся задавать вопросы

Первый курс — это время, когда ты будешь встречаться с огромным количеством новой информации, и это нормально, если ты чего-то не понимаешь. Не стесняйся задавать вопросы преподавателям, старшим студентам или своим одногруппникам. В университете нет "глупых" вопросов, есть только те, которые остались без ответа. Помни, что все когда-то были на твоем месте, и большинство будет рады помочь.

2. Научись организовывать свое время

Школьный режим с четким расписанием и постоянным контролем учителей остался в прошлом. В университете тебе придется самому планировать свое время, и это может быть непросто. Используй планировщики, календари или мобильные приложения, чтобы не забывать о дедлайнах, лекциях и других важных делах. Не откладывай задания на последний момент — это прямой путь к стрессу и бессонным ночам перед экзаменами.

3. Вовлекайся в студенческую жизнь

Университет — это не только лекции и семинары, но и уникальная возможность завести новых друзей и найти себя в самых разных сферах. Студенческие клубы, спортивные секции, волонтерские проекты — всё это доступно тебе с первого дня. Не упускай шанс поучаствовать в жизни университета: это не только поможет тебе адаптироваться, но и откроет новые возможности для личностного роста и будущей карьеры.

4. Не забывай заботиться о себе

Стресс на первом курсе — обычное дело. Новый ритм жизни, большие нагрузки, необходимость успевать всё и сразу могут выбить из колеи. Но важно помнить, что здоровье и эмоциональное благополучие должны быть на первом месте. Найди время для отдыха, занимайся спортом, правильно питайся и не забывай спать. Помни, что твоя продуктивность напрямую зависит от твоего состояния.

5. Заведи полезные привычки с самого начала

Первый курс — идеальное время для того, чтобы сформировать полезные привычки, которые останутся с тобой на протяжении всей учебы. Например, привыкай к систематическому чтению литературы, не ограничиваясь учебниками. Развивай навыки критического мышления, учись работать с научными источниками и анализировать информацию. Это станет твоим конкурентным преимуществом не только в учебе, но и в дальнейшей профессиональной жизни.

6. Не бойся ошибаться

Ошибки — это неотъемлемая часть учебы и жизни в целом. Не бойся совершать их, ведь на ошибках мы учимся. Важно не то, что ты сделал неправильно, а как ты это исправил и какие выводы вынес. Учись признавать свои промахи и работай над их исправлением — это и есть взросление.

7. Найди баланс между учебой и личной жизнью

Да, университет требует больших усилий и времени, но это не значит, что нужно забыть о себе и своих интересах. Найди время для хобби, общения с друзьями и близкими. Баланс между учебой и личной жизнью — ключ к успешной и гармоничной студенческой жизни.

8. И главное — наслаждайся!

Университетские годы — одни из самых ярких в жизни. Здесь ты встретишь новых людей, откроешь для себя неизведанные горизонты и сформируешь фундамент для своей будущей карьеры. Не упускай возможность наслаждаться этим временем, учись, экспериментируй, будь открытым ко всему новому.

И помни, что ты не один. Здесь, в университете, у тебя всегда найдутся те, кто готов помочь и поддержать. Слушай себя, доверяй своим инстинктам и верь в свои силы. Ты справишься!

Статью подготовила студентка СКУ
Алена Гроза

БЕРДВОТЧИНГ КАК СТИЛЬ ЖИЗНИ

Михаил Калашников, выпускник Северо-Казахстанского университета имени Манаша Козыбаева, сегодня преподает биологию в Токушинской школе-гимназии Аккайынского района. Однако его интересы выходят далеко за рамки школьных уроков. Михаил активно увлекается бердвотчингом — необычным, но все более популярным хобби, посвященным наблюдению за птицами.

Путь к бердвотчингу: от университета к школе

Михаил выпустился из СКУ им. М. Козыбаева в 2016 году, а затем продолжил обучение в магистратуре. Уже в студенческие годы он увлекся бердвотчингом, став активным участником университетского Клуба бердвотчеров, который был создан в 2007 году по инициативе Северо-Казахстанской ассоциации по сохранению биоразнообразия. Клуб, объединяющий студентов, школьников и учителей, до сих пор успешно функционирует, и Михаил с первых курсов был его преданным членом.

«Когда я учился в университете, бердвотчинг стал для меня настоящей страстью. Мы выезжали в экспедиции по всей стране, изучая птиц и их поведение. Этот интерес я пронес через годы и теперь передаю его своим ученикам», — делится Михаил.

Преподавание и бедвочинг: две стороны одной медали

Михаил видит свою роль учителя не только в передаче знаний, но и в воспитании учеников.

«В школе учитель — это не просто преподаватель, он становится примером для подражания, наставником, который помогает ученикам выбрать свой жизненный путь», — рассказывает Михаил.

Он активно использует современные технологии и интерактивные методы обучения, стремясь вовлечь всех учеников в образовательный процесс.

Бердвотчинг для Михаила — это не просто хобби, а способ развивать интерес к биологии и экологии у школьников. Вместе с учениками он продолжает изучать птиц, участвует в научных проектах и экспедициях.

«Мы не просто наблюдаем за птицами, но и занимаемся научной работой, что позволяет ученикам понять, как важно сохранять природу», — отмечает он.

Бердвотчинг и орнитология: сотрудничество во благо науки

Михаил подчеркивает важность бедвочеров для развития орнитологии.

«В Казахстане орнитологов можно пересчитать по пальцам, и охватить такую огромную территорию одному специалисту невозможно. Здесь на помощь приходят бердвотчеры — любители, которые собирают и делятся ценными данными с профессиональными учеными», — поясняет Михаил.

Сегодня бердвотчинг в Северо-Казахстанской области только начинает развиваться. Михаил вместе с коллегами из университета активно работает над популяризацией этого увлечения и рассматривает перспективы развития орнитологического туризма в регионе.

Сохранение редких видов

Одним из значимых проектов, в котором участвует Михаил, является сохранение краснозобой казарки, редкого и уязвимого вида водоплавающих птиц.

«Это изящный и необычный гусь, популяция которого находится под угрозой. Для его сохранения необходимы серьезные усилия, и я рад, что могу внести свой вклад в эту важную работу», — делится Михаил.

Отметим, что краснозобая казарка находится под охраной международной и региональных Красных книг, включена в ряд международных конвенций по охране природы. Охота на казарку повсеместно запрещена.

Любовь к своему делу как ключ к успеху

Михаил Калашников убежден, что залог его успеха — в любви к своему делу и поддержке близких.

«Я благодарен своим родным, научным руководителям и коллегам, без которых невозможно было бы достичь того, чего я добился», — заключает он.

Қоржынға тағы жүлде салынды

Шілде айының 25-29 күндері Алматы қаласында спорттың Президенттік көпсайыс түрі бойынша Қазақстан Чемпионаты өтті. Еліміздің тоғыз өңірінен спортшылардың басын қосқан додаға біздің университеттен де студенттер білектерін сыбанып, белдерін буып аттанды. Өз қабілеттері мен дайындықтарына сенген спортшыларымыздың қанжығасы майланып қайтты.

Кросс-Президенттік көпсайыста (жүгіруден үш сайыс) Қозыбаев университетінің спортшылары алты медальмен қанжығаларын майлады. Оның төртеуі – алтын, біреуден – күміс және қола.

Бұл спортшылар университеттің ғана емес, облыс намысын қорғады. Жарыстың барлық қатысушылары жас санаттары бойынша топтарға бөлінеді. Сондағы 21-23 жас аралығындағы топта, қыздар арасында Юлия Безушко чемпион атағын жеңіп алды. Дәл осы жас санатта ерлер арасында Аркадий Есман алтын медальді қоржынына салса, Никита Изотов қола жүлдені мыс тұтты. 18-20 жас аралығындағы топта чемпионаттың үздік нәтижесін Данила Свиржевский көрсетті. Ол осы сапарында спорт шеберінің нормативін орындады және абсолютті біріншілікте екінші орынға тұрақтады. Нәтижесінде ұпай саны бойынша Солтүстік Қазақстан облысының құрамасы жарыстың жеңімпазы атанды.

Шекпенінен талай чемпионды шығарып жүрген университеттің аға оқытушысы Александр Наумовтың ерен еңбегін атап өткен жөн. Ол «ардагерлер» санатында 53-ші рет ел чемпионы атанды. Шәкірттері де ұстаздарынан озып, жақсы нәтижеге қол жеткізуде. Оның ізбасарлары Никита Изотов, Даниль Свиржевский және Аман Рахметов осы жылдың қыркүйек айының соңында Қазақстан құрамасының қатарында Әлем чемпионатына аттанады.

Зарина Макшаева,
журналист.

Қымбатты оқырмандар!

Құрметті Kozybayev University оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері! Сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен адамдар жайындағы қызықты жазбаларыңызды, ғылыми ізденістеріңіз бен өзекті мәселелер туралы материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.

«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:
«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:
Гүлгүл Тулешева.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:
Павел Притолюк.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:
15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі, № 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы №KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.
Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.
Газет ай сайын шығады.
Таралымы: 10 дана.
Тапсырыс №142.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:
Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:
Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Гүлгүл Тулешева.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:
Павел Притолюк.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
150000, СеверoКазахстанская область, город Петропавловск, улица Магжана Жумабаева, дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат», parasatmedia.ku@gmail.com.

Свидетельство о постановке на переучёт №KZ73VPY00042947 выдано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.
Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Тираж 10 экземпляров.
Заказ № 142.